

Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 28/238-6с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 маусымда № 4632 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 69/627-6с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 14.09.2020 № 69/627-6с шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 510 бабының 1 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қалалық мәслихатының 2014 жылғы 24 маусымындағы № 37/257-5с шешімімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2736 нөмірімен тіркелген) Шымкент қаласының жерді аймақтарға бөлу схемасы негізінде, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 504, 505, 506 баптармен белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері:

жоғарылатылсын:

1,2,4,5,6 аймақтарда автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына орналасқан жерлерді қоспағанда 50 пайызға;

7 аймақта автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына орналасқан жерлерді қоспағанда 40 пайызға.

3,8,9,10 аймақтарда автотұрақтарға (паркингтерге), автомобильге май құю станцияларына орналасқан жерлерді қоспағанда, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 505 және 503 баптарына сәйкес белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері қалдырылсын.

2. Шымкент қалалық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 50/388-5с "Жер салығының базалық мөлшерлемелерін түзету туралы" (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3386 тіркелген 2015 жылғы 06 қарашадағы "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат

хатшысы

Х.Ахматханов

Н.Бекназаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК